

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
Т. РЫСКҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**



**КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ РАЙОНА
Т. РЫСКУЛОВА УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

Т. Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

Район Т. Рыскулова,
село Кулан, улица Жибек жолы 76
тел.: 2-14-10. E-mail: abb.kulan1@yandex.kz

919226 № 14-12-137

**Т.Рысқұлов ауданының білім бөліміне қарасты
мектеп директорларына**

Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі мектептердегі барлық пәндер бойынша педагогикалық еңбек өтілі 3 жылға дейінгі жас мамандар арасында «Үздік әдістер» әдістемелік showcase тақырыбында аудандық әдістемелік алаң өткізілетіндігін хабарлайды.

Осыған орай, әдістемелік алаңға қатысу үшін әр мектептен кез келген пән бойынша бір жас маманның сұранысын және әдіс әзірлемесін (1-қосымшаға сәйкес) ағымдағы жылдың 8 қазанына дейін білім бөлімінің әдіскері Р. Каландароваға қағаз нұсқада тапсыру қажет.

Ескерту: Әдістемелік алаңның өткізілу орны мен уақыты қосымша хабарланады.

Қосымша: 2 бет тіркелді.

**Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы**

А.Беделбаев

БЕКІТЕМІН:

Т.Рыскулов ауданының
білім бөлімі басшысының
м.у.а. А.Беделбаев



2026 ж.

**Жас мамандарға арналған «Үздік әдістер» әдістемелік showcase
аудандық әдістемелік алаңының ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Үздік әдістер» әдістемелік showcase аудандық әдістемелік алаңын (бұдан әрі – Әдістемелік алаң) ұйымдастыру, өткізу және қатысушыларды бағалау тәртібін айқындайды.

1.2. Әдістемелік алаң аудан мектептеріндегі барлық пәндер бойынша педагогикалық еңбек өтілі 3 жылға дейінгі жас мамандар арасында өткізіледі.

1.3. Әдістемелік алаңға ұсынылатын әдістемелік әзірleme сабақта тиімділігін дәлелдеген, оқушылардың ынтасын оятатын авторлық немесе бейімделген белсенді оқыту әдісін қамтуы және практикалық қолданысқа негізделуі тиіс.

1.4. Іс-шараның ұраны: «Тәжірибеден — нәтижеге, идеядан — шеберлікке!»

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** Жас педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, заманауи және тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін практикада көрсету арқылы өзара тәжірибе алмасу ортасын құру.

2.2. Міндеттері:

- Жас мамандардың шығармашылық және кәсіби потенциалын ашу;
- Барлық пәндер бойынша сабақта қолдануға тиімді, белсенді оқыту әдістерін анықтау және насихаттау;
- Жас педагогтердің аудитория алдында сөйлеу, өз тәжірибесін өнімді өзгелерге ұсыну (презентациялау) дағдысын дамыту;
- Жас мұғалімдерді қолдау және ынталандыру.

3. Әдістемелік алаңды өткізу форматы мен регламенті

3.1. Іс-шара **Demo-session (практикалық көрсетілім)** форматында өтеді.

3.2. Қатысушы мұғалім «мұғалім» рөлінде, ал залдағы қатысушылар немесе әріптестері «оқушылар» рөлінде болады.

3.3. Регламент (әр қатысушыға 13–15 минут):

- 1–2 минут: Әдістің атауы, мақсаты және қай сабақ кезеңінде/қай пәндерде қолдануға болатыны туралы қысқаша ақпарат (кинематографиялық аннотация);
- 11–13 минут: Әдісті аудиториямен бірге практика жүзінде орындап көрсету (теориядан гөрі әрекетке басымдық беріледі);
- 2 минут: Кері байланыс пен рефлексия.

4. Әдіс әзірлемесіне қойылатын талаптар

4.1. Ұсынылатын әдіс оқушылардың белсенділігін арттыратын, кез келген немесе белгілі бір пән аясында қолдануға ыңғайлы, нәтижелі тәсіл болуы тиіс.

4.2. Қатысушылар 1-қосымшаға сәйкес сұраныс пен әдіс әзірлемесін белгіленген мерзімге дейін аудандық білім бөлімінің әдіскеріне (Р. Каландарова) қағаз түрінде тапсыруы қажет.

4.3. Әдіс әзірлемесінің құрылымы:

- Әдістің атауы (шығармашылық, есте қалатын тақырып);
- Қолданылатын пәні мен сыныбы (әмбебап болса көрсетіледі);
- Мақсаты: (бұл әдіс арқылы қандай нәтижеге қол жеткіземіз?);
- Қажетті ресурстары: (тақта, карточкалар, цифрлық құралдар және т.б);
- Іске асыру қадамдары (әдістің жүру барысын кезең-кезеңімен сипаттау);
- Ерекшелігі: (әдістің басқалардан ерекшелігі немесе қызықты тұсы);
- Күтілетін нәтиже.

4.4. Техникалық сипаттамасы

Көлемі: 2-3 беттен аспауы тиіс. Параметрлері: Қаріп-Times New Roman, өлшемі -14, жоларалық интервал -1,15. Барлық жиектері -2см. Форматы: Microsoft Word нұсқасында қағаз түрінде өткізіледі.

5. Бағалау критерийлері

Сарапшылар тобы қатысушыларды келесі көрсеткіш бойынша бағалайды:

- Практикалық тиімділік: Әдісті басқа мұғалімдердің өз сабақтарында қолдану мүмкіндігі;
- Креативтілік пен жаңашылдық: Әдістің ерекшелігі, «жаңаша сипаты» немесе ойын элементтерінің сәтті бейімделуі;
- Интерактивтілік: Аудиторияны жұмысқа тарта деңгейі;
- Кәсіби шеберлік: Спикердің сөйлеу мәдениеті, уақытты тиімді пайдалануы, ойын нақты, әдістемелік сауатты жеткізуі.

6. Марапаттау

6.1. Көрсетілім нәтижесі бойынша ең жоғары балл жинаған жас мамандар Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

6.2. Белсенді қатысқан басқа да жас педагогтерге аудандық білім бөлімінің Сертификаттары беріледі.